



Халықтың әл-ауқатының сапасы – басты көрсеткіш

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиын барысында Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысына еліміздің 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын баяндап, алдағы кезеңде атқарылар негізгі міндеттерге тоқталды. Жиынға Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

**Жасұлан СЕЙІЛХАН,
Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»**

Шешімін таппаған түйткілдер аз емес

Кеңейтілген отырысты ашқан Мемлекет басшысы осы жиында дүниежүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқан тұстағы өзекті мәселелер талқыланатынын айтып, жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына әсерін тигізетіні анық екенін атап өтті. Сондай-ақ Президент Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап, жаппай цифрландыру дәуірі, яғни жаңа технологиялық кезең басталғанына тоқталды.

– Күдлі әлем мүлдем басқа жағдайда өмір сүреді. Біз соған міндетті түрде лайын болуымыз керек. Жаңа технологиялық ахуалға сақайдай сай болуымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысы қаншалықты тиімді екені алдымен экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасына қарай бағаланатынын айтты. Қысқасы, Үкіметтің жыл бойы атқарған жұмысы міндет пен жеженің үдесінен шыға алды ма? Былтырғы жұмыстың нәтижесі қандай болды? Басты тапсырмалар орындалды



ма? Президент отырыста осы сұрақтарға тоқталып, жақын арада шешімін табуға тиіс өзекті мәселелер талқыланатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сырттағы ахуал күрделі болса да, елімізде жақсы нәтижелер бар екенін айтты. Ел экономикасы өссе де, шешімін таппаған түйткілдер әлі де аз емес екенін мәлімдеді.

– Қазіргі таңдағы басты мәселе мынадай. Әлем экономикасында болып жатқан тарифтік тартыстар мен санкциялық текетірестер қалыпты жағдайға айналды.

Бұл үдерістің салдары жойқын болуы мүмкін. Климатқа байланысты ұстанымдар да үлкен өзгеріске ұшырайтын болды. Мұндай жағдайда «жасыл энергетиканы» дамыту тәсілдерін қайта қарауға тура келеді. Бір жағынан, дәстүрлі қуат көздеріне деген сұраныс сақталады. Екінші жағынан, бұл мұнай, газ және көмір бағасының тұрақсыздығына әкеп соқтырады. Қаржы саласында криптовалюталар мен басқа да цифрлық активтер кеңінен қолданыла бастады. Жасанды интеллектті дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты

технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек. Жаңа дәуірдің сыңқатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек. Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс, – деген Президент бұны жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс

екенін айтты. Яғни әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын аса өзекті мәселелерді шешуге ғана жұмсауы керектігін баса айтты. Көптеген қарай көсілетін уақыт келгенін және орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажеттілімізді ескертті.

2-3 >

Құттықтау жеделхаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин мен оның барша отандасын Чуньцзе мерекесімен құттықтап, жеделхат жолдады.

Президент жаңару мен бірлікті, мейірімділік пен жасампаздықты дәріптейтін қастерлі мейрамға орай жылы лебізін жеткізіп, елін бүгінгіден де биік белестерге жетелеуді көздеген ҚХР Төрағасының стратегиялық бастамалары мен игі жоспарларына сәттілік тіледі.

«Қазақстан мен Қытайдың мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық

серіктестігі күннен-күнге жаңаданып, мызғымас достық пен өзара тиімді ықпалдастықтың үлгі тұтарлық көрінісіне айналғанын зор ризашылықпен атап өтемін. Бұл игі іске Сіздің қосып отырған ерекше үлесіңізді жоғары бағалаймын және Қытаймен сан қырлы ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтуға мүдделі екенімді растаймын», деп жазылған жеделхатта.

Вьетнам халқына құт-береке тіледі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды Вьетнам күнтізбесі бойынша Жаңа жыл – Тем мерекесімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Вьетнамды оңтүстік-шығыс Азиядағы маңызды серіктес ретінде қарастыратынын атап өтіп, екіжақты ынтымақтастықты

жаңа деңгейге көтеруге ерекше мән беретінін жазған. Қасым-Жомарт Тоқаев То Ламның жауапты қызметіне табыс, ал оның халқына құт-береке тіледі.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы

2013 жылғы 27 маусымда Марракеште жасалған Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шарты ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 28 қаңтар № 161-VIII ҚРЗ

Жасты еңбек шыңдайды



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

меңгерген, тіпті зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеуден қашпайтын бейнеткеш еңбеккерлер – өзі таңдаған саланың нағыз майталманы, үздігі.

Сәндібек АСАНӘЛІ, «Egemen Qazaqstan»

Жылдар жылжып алға озған сайын қоғамдық көзқарас, сана, таным-түсінік өзгеріп, жаңарып отыратыны – қалыпты жағдай. Ескіден соң жаңа келеді, үлкеннің ізін кіші басады. Осы сабақтастықтың ізімен жұмысшы мамандықтарына да дұрыс көзқарас қалыптасып келеді. Жастардың бұл салаға құрметі,

«Еңбек пен бақыт – егіз» деген қанатты қағида бар. Мейлі малшы, диқан, дәрігер, мұғалім болсын, кім өз жұмысын адал әрі мінсіз атқарса, сол адам қоғамда құрметке бөленеді, табысқа кенеледі, қатарының, әріптестерінің алды болады. Сол тұрғыда сан салалы жұмысшы мамандығын шебер қызығушылығы арта түсті. Қол еңбегіне амалдың жоқтығынан емес, ерте жастан құлшынып баратындар салыстырмалы түрде көбейе түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында жұмысшы мамандықтарының абырой-беделін көтеру жолында әлі қыруар жұмыс атқарылатынын айтты. «Тәуелсіздік ұрпақтары қазірдің өзінде ғылым, спорт, бизнес, креативті индустрия, мемлекеттік қызмет саласында зор

жетістікке жетіп жүр. Көбі өндірісте, ауыл шаруашылығында табысты еңбек етеді. Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек. Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие әрі қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық, моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын», деді Президент.

8 >

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жасанды интеллект: заң жобасының маңызы қандай?

Жасанды интеллект – технологиялық төңкерістің бастауы. Ол экономика, денсаулық сақтау, білім салаларын түбегейлі өзгертіп, адамның күнделікті өмірін жақсартуға мүмкіндік беріп отыр. Бірақ технологияның қарқынды дамуы оның этикалық және құқықтық реттелуін де талап етеді.

Айтолған ЖҮНІСХАН, «Egemen Qazaqstan»

ЖИ-дің мүмкіндігі көп болғанымен, одан қауіп-қатер де жоқ емес. Жасанды интеллект саласының реттелмеуі жеке деректердің ұрлануы, алаяқтықтың көбеюі секілді күрделі мәселелерге алып келуі мүмкін. Осы қатерлерді сейілтуге, сонымен қатар жасанды интеллектті дұрыс бағытта дамыту мақсатында ЖИ туралы

заң жобасы қажет. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында атап өтті. Дүниежүзінде жасанды интеллектті реттеу мәселесі күн тәртібіне шықты. Қазіргі таңда көптеген ел ЖИ-дің қоғамға тигізер әсерін жан-жақты зерттеп, оны дамыту мен реттеу арасындағы тепе-теңдікті табуға тырысып жатыр. Осы бағытта еліміз де қалыс қалмай, Жасанды интеллект туралы заң әзірлеуді



қолға алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті реттеу мәселесін еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы басты міндеттердің бірі ретінде қарастыратынын

айтқан. Президенттің пікірінше, ЖИ-ді шектеп қана қоймай, оның даму мүмкіндігін кеңінен пайдалану қажет.

9 >